

Бекітемін: *Мұсаев*
№ 29 «Алтын» бөбекжайы-
бақпасының меңгерушісі:
Сейдалиева К.К.

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет

«Ақ ұлпа қар»

өтілетін күні: 27.01.2023ж



«Кұлыншақ» ортаңғы топ:

Тәрбиеші: Жакыпбек Анар.

Шымкент-2023ж

Ұйымдастырылған ашық іс –әрекет.

Тобы : «Кұлыншак» Ортанғы тобы

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Өтілетін күні: 27.01.2023ж

Тәрбиеші: Жақыпбек Анар.

Тақырыбы: «Ақ ұлпа қар»

Мақсаты:Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру,ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеті:Тіл байлықтарын,есте сақтау,сөздік қорын молайту,ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекіліктер:Қыс мезгілінің суреттері,үлгі суреттер,таратпа құралдар,фальгамен макта калпақпен қолғап,мойын орағыш.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
	Шаттық шеңбері Билі міне жүрекке Ақ тілегін тілеген Амандасып алайық Бір жадырап қалайық Жарайсындар балалар	Шаттық шеңберінде балалар шеңбер болып бірлесе айтады. -Сәлеметсіздерме
	-Балалар бүгінгі ойынымызды керемет ойынмен бастаймыз  Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгілі» -Балалар жылдың қай мезгілі? -Балалар дала қандай болып тұр? -Балалар сонымен қыста не жауады? -Қардың түсі қандай? -Жарайсындар! -Балалар қыс мезгілінде ауа райы суық болады,боран болады,қар жауады.Балалар қарды қолымызға қолғап кимей ұстасақ қолымыз жаурайды. Ғажайып сәт:Қоян келеді	-Қыс -суық -қар -аппақ -Балалар мұхият тыңдайды. -Балалар таң қалып қалады



(Қоян сәбіз іздеп келеді, Алақай, алақай қыс мезгілі келіп қалыпты дала да өте суық, қар бар екен, мен қармен ойнағанды жақсы көремін. Менің түсі басқа тонымды шешіп қыс мезгілімен бірдей болайын деп аппақ тонымды киіп келдім. Бұл өте жылы маған ұнайды. Мен қармен ойнағым келеді. Менімен ойнайсындар ма? Жүріңдер барлығымыз қармен ойнап көңіл көтерейік. Балалар мен сияқты секіріп жүріңдерші. –Балалар мына шарларды мен жарғым келеді ішінде сәбіз бар шығар, сендер қорқасындар ма, жок әлде қорықпайсындар ма, қорқатын болсаңдар екі қолдарыңмен құлақтарыңды жауып тұрындар. (Сол кезде қар жауады)

Тәр.-Балалар қараңдаршы алақай, алақай қар жауды.
 –Балалар енді қарды теріп мына жерге салайық.
 –Олай болса балалар қарды қолымызға қолғап киіп алайық әйтпесе қолымыз жаурап қаладығой.
 –Ал енді мына ыдысқа жинаймыз.
 -Ой балалар біздің жинаған қарымыздан аққала шықты.
 -Балалар қыс мезгілі қандай жақсы екен көптеген ойындарды қармен ойнауға болады екен. Олай болса Қоянға қардың қиыршықтарын жасап берейікші.
Ойын: «Қар қиыршықтары»



-**Шарты:** Дөңгелек тәрелкенің шетіндегі тесіктерден жіптерді қиыстырып өткізу.
 –Жарайсындар!
 (боранның дыбысын шығару)
 -Қанекей балалар қыс мезгілі келгенде тез тез кейінейікші қазір күн суық қанекей бірінші бас киім киеміз, екінші мойын орағышты мойынға орап аламыз, үшінші барып қолғапты киеміз.
 –Жарайсындар

-қоян сияқты секіреді

-Балаларда қатты қуанып кетеді.

-балалар қолдарына қолғаптарын киіледі.

-балалар қызыға қарды жинайды.

- жіптерді қызыға тесіктерден өткізеді..

-Қызыға киінеді

-іс қимылмен жасайды.

-қызыға қимылдық ойындарды ойнайды



Сергіту сәті:(музыкамен) «Қыс»

Аппақ ақ қар түсті де,
Қыс ызғарын сыйлады.
Мен де кидім үстіме,
Жылы тон мен пиманы.
Құлақшыным басымда
Қолда жылы қолбағым,
Аттанамын бақшаға
Енді неден қорқамын.
-Жарайсындар!



Ойын: «Ақ ұлпалар»

Шарты: Ұлпаларды дөңгелектеп алып мына жылтыр қағазға салып қаптаймыз. Сонда мұз секілді қиыршықтар пайда болады.

–Балалар жүріңдер ойын ойнаймыз.

–**Ойын: «Мұзды қиыршықтар»**

-Шарты: Осы жинаған ұлпаларымызды шелекке дәлдеп лақтыру.

–Жарайсындар!

(Қоян балалар сендермен ойнап көңілім көтеріліп қалды. Рақмет сендерге енді мен орманымға қайтайын Сау болыңдар балалар!)

-Қоянжан біздің саған дайындаған сыйлығымыз бар қабыл ал деп қолына сәбіз береміз.

- Қортынды: Өте жақсы балалар. Көңіл күйімізді көтеру үшін «Тамаша» ойынын ойнайық.
-Біздің балабақша қандай?
-Біздің топ қандай?
-Біздің апайлар қандай?
-Бүгінгі күн қандай?
-Біздің көңіл –күйіміз қандай?
-Бәрекелді балалар.

-Балаладың жауаптары.

-Тамаша.
-Тамаша
-Тамаша.
-Тамаша.
-Тамаша

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Қысқы табиғаттың өзгерісін, табиғат қызығы туралы толық мағлұмат алу.

Меңгеруі: Қыс мезгілі туралы толыққанды түсінігі болуы.

Жасай алуы:Дәстүрден тыс әдістерді пайдалана отырып пластикалық бетке қар бейнелеуді меңгеру.

